

Текелі қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 118 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 20 маусымда № 2757 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 07 желтоқсандағы N 360 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қаласы әкімдігінің 07.12.2015 N 360 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Текелі қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Текелі қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Лепесов Сері Болысбайұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Текелі қаласының әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Текелі қаласының білім бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Т. Қайнарбеков

Игембаева Зухра Кантаевна

Текелі қаласы әкімдігінің 2014 жылғы "12" мамыр "Текелі қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" № 118 қаулысына қосымша

Текелі қаласы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Елді пунктiнiң атауы	Мектепке дейiнгi тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушiлердiң саны		Мектепке дейiнгi ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бiр айдағы мөлшерi (тенге)	
Текелi қаласы	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндiк шағын- орталықтар	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндiк шағын- орталықтар
	180-340	45-45	15000-16209	12390-13140

кестенiң жалғасы

Мектепке дейiнгi ұйымдар ата-аналарының бiр айдағы төлемақы мөлшерi (тенге)		Бiр тәрбиеленушiге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны теңге	
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндiк шағын - орталықтар	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндiк шағын -орталықтар
7000-7000	5500-5500	15000-16209	12417-13242